ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 20 наурыз №7119-24-00-2/1866 Іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы А.Асангазының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі карады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим»,
Жеке кәсіпкер «ICleaning» атауымен әрекет етуші Бейсен Нұрсұлтан Нұрланұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Г.Р.Бейсенов
жауапкер Г.Ж.Дайырбекова.

СИПАТТАУ БӨЛІМІ:

2023 жылдың 26 желтоқсанда «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим» (өнім беруші) арасында № 6/32 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 10 дана арқанды итарқа жеткізуге міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 215 000 теңгеге көрсетілген тауарды шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген, атап айтқанда 2024 жылдың 10 қаңтарына дейін.

Алайда жауапкер шартта көрсетілген тауар жеткізілмеген.

Тараптар арасында 2024 жылғы 30 қаңтарда аталған шарт біржақты бұзылған.

2023 жылдың 31 желтоқсанда «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «ICleaning» атауымен әрекет етуші Бейсен Нұрсұлтан Нұрланұлының (өнім беруші) арасында № 6/41 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер жалпы 50 дана құбыр желісі үшін полиэтиленді жалғастырғышты жеткізуге міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 345 000 теңгеге көрсетілген тауарды шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген, атап айтқанда 2024 жылдың 15 қаңтарына дейін.

Алайда жауапкер шартта көрсетілген тауар жеткізілмеген.

Тараптар арасында 2024 жылғы 30 қаңтарда аталған шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді. Шарт бұзылған соң 2024 жылдың 03 ақпанында тауар жеткізілген, бірақ оның өзі шартта көрсетілгендей техникалық ерекшелікке сай келмейді.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим» сот отырысында талап қою арызымен толығымен келіспеді, себебі көрсетілген тауар елімізде болмаған, осыған байланысты талап қоюшының өкілдерімен ақылдаса отырып басқа мемлекеттен арнайы алдыртқан болатын. Сонымен қоса шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізген, сәйкесінше шартта көрсетілген мерзімнен тағы бір ай қосымша беріледі деген пікірде, яғни 2024 жылдың 10 ақпанына дейін. Көрсетілген тауар тапсырыс берушіге 2024 жылды 03 ақпанында жеткізілген, алайда шарттың бұзылуына байланысты тауар қабылданбаған.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ICleaning» атауымен әрекет етуші Бейсен Нұрсұлтан Нұрланұлы сот отырысына себепсіз қатыспады, алайда уақыты мен орны тиісті түрде оған хабарланған. Осыған байланысты сот жауапкердің сот отырысына келмеу себебі дәлелсіз деп танып, істі қарауға құқылы.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 20.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.05.2024, судья Жетибаев Ж. К., 16.05.2024

КОПИЯ КӨШІРМЕСІ

өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкерлер шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда өнім берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауарлар көрсетілген мерзімде жеткізілмеген, сол себептен жауапкерлер тарапынан шарт талаптары бұзылған. Жауапкерлер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тапсырыс беруші тараптар арасындағы шарттарды біржақты тәртіппен 2024 жылғы 30 қаңтарда бұзды, алайда жауапкерлер бұзылған шартты дауламаған.

Сот отырысындағы жауапкер жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим» уәждері, атап айтқанда талап қоюшының өкілдерімен ақылдаса отырып басқа мемлекеттен арнайы алдыртқандығы, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізгендігі, сәйкесінше шартта көрсетілген мерзімнен тағы бір ай қосымша созылатындығы сот негізге алмайды, себебі мемлекеттік сатып алу шартын жасасқанда көрсетілген мерзімде орындалу қажет, кез келген шартқа енгізілетін өзгерістер қосымша шартпен рәсімделу керек.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерлерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим», жеке кәсіпкер «ICleaning» атауымен әрекет етуші Бейсен Нұрсұлтан Нұрланұлына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 20.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.05.2024, судья Жетибаев Ж. К., 16.05.2024

Жауапкер жеке кәсіпкер «ICleaning» атауымен әрекет етушi Бейсен Нұрсұлтан Нұрланұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкерлер жеке кәсіпкер «Дайырбекова Гулсим» және жеке кәсіпкер «ICleaning» атауымен әрекет етуші Бейсен Нұрсұлтан Нұрланұлынан мемлекет кірісіне әркайсысынан 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңгеден мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 20.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.05.2024, судья Жетибаев Ж. К., 16.05.2024

7119-24-3-1/1414